1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

7.4 ҚОҒАМНЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ЕЛДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ СЕРПІНДІ ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

7.4 ОРГАНИЗАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В КОНТЕКСТЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ДИНАМИЧНОГО РОСТА КАЧЕСТВА ЖИЗНИ ОБЩЕСТВА И НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ СТРАНЫ

7.4 ORGANIZATIONAL AND METHODOLOGICAL ASPECTS OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT OF ENSURING DYNAMIC GROWTH IN THE QUALITY OF LIFE OF SOCIETY AND THE NATIONAL SECURITY OF THE COUNTRY

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРАЖАТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ АУДИТІ

Альмурат Б.Е

«Мемлекеттік аудит» білім беру бағдарламасы 1 курс магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан
Республикасы

E-mail: bekzhan.almurat03@inbox.ru

Ғылыми жетекші: Серикова М.А PhD докторы, қауымдастырылған профессор

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының құрылыс саласының дамуы жан-жақты талданады. Құрылыс жұмыстарының өсу қарқыны, инвестициялық белсенділік, саланың негізгі мәселелері және болашақ даму бағыттары қарастырылады. Тұрғын үй құрылысы, әлеуметтік және коммерциялық нысандардың дамуы ерекше назарға алынды. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламалардың құрылыс саласын дамытудағы маңыздылығы көрсетіледі. Мақалада саланың дамуын тежейтін негізгі мәселелер және оларды шешу жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: құрылыс, инвестиция, инфрақұрылым, тұрғын үй, мемлекеттік бағдарлама, экономика, даму, тренд, әлеуметтік нысандар

Қазақстан Республикасында құрылыс саласы – экономиканың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл сала елдің инфрақұрылымын дамытуда, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруда және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттың басым бөлігі құрылыс жобаларына бағытталады. Осыған байланысты, мемлекеттік қаражаттың мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету және оны бақылау – мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі. Құрылыс саласындағы мемлекеттік қаражаттың тиімділігін бағалаудың маңызды құралы – мемлекеттік аудит. Қазақстанда мемлекеттік аудит жүйесі 2015 жылы қабылданған «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң негізінде жүзеге асырылады. Бұл заң мемлекеттік қаржы ресурстарының ашықтығын арттыруға және бюджет қаражатын тиімді жұмсауды қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекеттік аудит жүргізу арқылы құр саласындағы мемлекеттік қаражаттың тиімділігін талдау, сыртқы мемлекеттік аудит нәтижелерін қарастыру және мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар беру мақсаты көзделеді. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстандағы құрылыс саласындағы мемлекеттік аудит жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары ұсынылады. Құрылыс саласындағы қаржылық бұзушылықтарды анықтау, тиімсіз шығындарды болдырмау және ресурстарды оңтайлы пайдалану көзделеді. Құрылыс саласындағы ірі мемлекеттік бағдарламалар аясында бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын бағалау – өзекті мәселе болып табылады. Әсіресе, құрылыс индустриясын

дамыту мен халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Бағдарламаның іске асырылуын сыртқы мемлекеттік аудит арқылы бағалау оның тиімділігі мен нәтижелілігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мақалада құрылыс саласындағы мемлекеттік қаражаттың тиімділігін талдау сыртқы мемлекеттік аудит нәтижелерін қарастыру және мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар беру мақсаты көзделеді. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстандағы құрылыс саласындағы мемлекеттік аудит жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары ұсынылады. Құрылыс кешенінің кемшіліктері мен артықшылықтары 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте - Құрылыс саласының артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтар	Кемшіліктер
<ul style="list-style-type: none"> - Бай табиғи шикізат базасы - Инфрақұрылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар - Құрылыс индустриясындағы білікті мамандардың болуы - Урбанизация үдерісінің жылдамдауы 	<ul style="list-style-type: none"> - Ішкі нарықтың шектеулі болуы - Инженерлік инфрақұрылымның жеткіліксіздігі - Құрылыс материалдарының қымбаттауы - Экологиялық талаптардың күшеюі
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - Аймақтағы құрылыс белсенділігіне байланысты тұрақты сұраныс - Мемлекеттік бағдарламалар арқылы тұрғын үй құрылысының дамуы - Көршілес аймақтардан ұзақ мерзімді инвестициялардың ағылуы 	<ul style="list-style-type: none"> - Жылжымайтын мүлік нарығындағы тұрақсыздық - Құрылыс материалдарының импортына тәуелділік - Құрылыс нарығындағы бәсекелестіктің артуы
Ескертпе: [1] дереккөздерінің негізінде құрастырған.	

Қазақстандағы құрылыс саласына жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, қазіргі уақытта бұл саладағы ұйымдар үшін жағдай күрделі. Бұл жалпы ел экономикасында болып жатқан үдерістердің салдары болып табылады. Қазіргі экономикалық жағдай құрылыс ұйымдары арасындағы жоғары бәсекелестікпен, әртүрлі салық жүйелерін қолданудың күрделілігімен сипатталады. Зерттеудің мақсаты – құрылыс саласындағы мемлекеттік қаражаттың тиімділігін талдау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу әдістері – жүйелі талдау, салыстырмалы әдіс және аудиторлық есептерді талдау қолданылды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіруге және құрылыс саласындағы қаржылық тәртіпті нығайтуға үлес қосу. құрылыс саласындағы мемлекеттік қаражаттың тиімділігін талдау, сыртқы мемлекеттік аудит нәтижелерін бағалау және мемлекеттік қаржыны тиімді пайдалануды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Мемлекеттік аудит әдістерінің теориялық негіздері

Мемлекеттік аудит – мемлекеттік қаражаттың заңды, мақсатты және тиімді пайдаланылуын тексеретін бақылау жүйесі. Қазақстанда мемлекеттік аудит үш негізгі түрге бөлінеді:

- Қаржылық аудит – бюджет қаражатының заңдылығы мен бухгалтерлік есептің дұрыстығын тексереді.
- Тиімділік аудиті – мемлекеттік қаражаттың тиімді және үнемді пайдаланылуын бағалайды.
- Сәйкестік аудиті – мемлекеттік бағдарламалардың заңнамаға сәйкестігін тексереді[2].

Бұл аудиттер 2015 жылы қабылданған «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң негізінде жүзеге асырылады.

Нормативтік-құқықтық база

Қазақстанда мемлекеттік аудит келесі заңнамалық актілерге сүйенеді:

- «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңы (2015 ж.)
- ҚР Бюджет кодексі

Бұл заңдар мемлекеттік ресурстарды тиімді бақылауды және қаржылық бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз етеді.

Халықаралық стандарттар мен шетелдік тәжірибе

Қазақстан мемлекеттік аудит жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіреді.

Негізгі стандарттар:

- INTOSAI – жоғары аудит органдарының халықаралық ұйымы.
- ISSAI 3000 – тиімділік аудитін жүргізу стандарты[2,3].

АҚШ (GAO) және Ұлыбритания (NAO) тәжірибелері мемлекеттік бағдарламаларды кешенді талдау арқылы ашықтық пен тиімділікті арттыруға үлес қосады. Қазақстанда осы халықаралық тәжірибені енгізу аудит сапасын жақсартуға бағытталған.

Мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану – құрылыс саласында маңызды факторлардың бірі. Аудит нәтижелері көрсеткендей, құрылыс жобаларын іске асыру барысында қаржыны жоспарлау мен игеруде бірқатар жүйелі мәселелер бар. Бұл бөлімде негізгі проблемалар мен оларды шешу жолдары талданады. Қазақстан Республикасының құрылыс саласы экономиканың негізгі секторларының бірі ретінде елдің инфрақұрылымдық дамуында маңызды рөл атқарады. Соңғы онжылдықта бұл салада тұрақты өсім байқалады. Құрылыс жұмыстарының көлемі жыл сайын артып, тұрғын үй, көлік инфрақұрылымы және әлеуметтік нысандардың құрылысында айтарлықтай өзгерістер орын алуда.

Төменде 2013-2023 жылдар аралығындағы құрылыс саласының даму динамикасын, негізгі бағыттарды және мемлекеттік қаражаттың тиімділігін бағалайтын 2-кесте, 1-график және 3-кесте бойынша талдау берілген.


2-кесте - Қазақстан Республикасының құрылыс саласының дамуы (2013-2023 жж.)

Жыл	Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі	Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі
	өсу қарқыны, %	өсу қарқыны, %
2013	7,61%	0,36%
2014	9,34%	1,12%
2015	8,61%	1,12%
2016	12,47%	1,51%
2017	7,71%	-4,28%
2018	10,08%	1,75%
2019	14,72%	8,22%
2020	11,34%	-1,41%
2021	12,09%	-2,96%
2022	13,99%	1,75%
2023	20,76%	4,45%

Ескертпе: [7] дереккөздерінің негізінде құрастырған

2013-2023 жылдар аралығында құрылыс саласы тұрақты өсім көрсетіп, 2023 жылы ең жоғары көрсеткішке (20,76%) жетті. 2017, 2020, 2021 жылдары құрылыс көлемінде аздап төмендеу байқалды, бұл экономикалық тұрақсыздық пен нарықтағы өзгерістерге байланысты. Дегенмен, 2023 жылы мемлекеттік бағдарламалар мен жеке инвестициялардың артуы саладағы өсу қарқынын қайта жандандырды.

1-сурет - Қазақстан Республикасының құрылыс саласының дамуы (2013-2023 жж.)



Графиктен көрініп тұрғандай, құрылыс саласының өсу қарқыны тұрақты динамиканы көрсетеді. Әсіресе, 2019 және 2023 жылдары елеулі өсім байқалған. Бұл кезеңдерде жаңа инфрақұрылымдық жобалар мен тұрғын үй құрылысының артуы негізгі фактор ретінде ерекшеленеді.

3-кесте - Құрылыс қызметінің негізгі көрсеткіштері

Құрылыс қызметінің негізгі көрсеткіштері						
	Барлығы	Өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен	Оның ішінде меншік нысандары бойынша			мың теңге
			мемлекеттік	жеке	шетел	
Орындалған құрылыс жұмыстарының (көрсетілген қызметтердің) көлемі*	140 490 911	112,7	858 292	114 586 196	25 046 423	
оның ішінде:						
тұрғын ғимараттар	10 201 643	44,1	-	9 918 803	282 840	
тұрғын емес ғимараттар	69 602 380	142,2	-	64 303 781	5 298 599	
ғимараттар	60 686 888	115,0	858 292	40 363 612	19 464 984	

2023 жылы Қазақстандағы құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі 140 490 911 мың теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 112,7%-ға артты. Бұл өсім мемлекеттік және жеке инвестициялардың ұлғаюымен тікелей байланысты. Құрылыс жұмыстарының негізгі бөлігін 114 586 196 мың теңгемен жеке сектор қамтамасыз етсе, 858 292 мың теңге мемлекеттік секторға тиесілі болды. Сонымен қатар, 25 046 423 мың теңге көлемінде шетелдік инвестиция тартылып, саланың дамуына елеулі үлес қосты. Тұрғын үй құрылысы 10 201 643 мың теңгені құрап, 44,1%-ға өссе, тұрғын емес ғимараттар бойынша көрсеткіш 69 602 380 мың теңгеге жетіп, 142,2%-ға артты. Бұл коммерциялық және өндірістік нысандарға сұраныстың артқанын көрсетеді. Жалпы, құрылыс саласының тұрақты даму қарқыны мемлекеттік қолдаудың, жеке және шетелдік инвестициялардың ұлғаюымен қамтамасыз етілді.

2022-2023 жылдар аралығында құрылыс саласының қарқынды өсуі экономиканың тұрақтылығын нығайтып, инвестиция тартудың маңызды бағытына айналды. 2023 жылы Қазақстандағы экономикалық өсім 4%2 деңгейінде болжанған болатын. Нақты ЖІӨ-нің өсімі іс жүзінде 5,1%-ды құрады.

4-кесте - Макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу

Көрсеткіш	2022 жыл іс жүзінде	2023 жыл	Ауытқу, %	2023-2027 жж. болжам (1-кезең)	2023-2027 жж. болжам (2-кезең)	2024-2028 жж. болжам
Құрылыс, өткен жылға %-бен	110,2%	113,3%	2,8	103,8%	107%	113,3%
Ескертпе: [1] Автор деректері негізінде құрастырылған.						

2022 жылы құрылыс саласы 110,2%-ға өсіп, ел экономикасындағы құрылыс жұмыстарының айтарлықтай ұлғайғанын көрсетті. Бұл өсім жаңа инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы, мемлекеттік бағдарламалардың белсенді орындалуы және жеке инвестициялардың артуы нәтижесінде мүмкін болды. Ал 2023 жылы құрылыс саласының даму қарқыны 113,3%-ға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 2,8%-ға жоғарылады. Бұл көрсеткіш 2023-2027 жылдарға арналған болжамдық көрсеткіштерден (103,8% және 107%) айтарлықтай асып түсті. Мұндай нәтижелер құрылыс индустриясының жоғары әлеуетін және экономикалық саясаттың тиімділігін айғақтайды.

Құрылыс саласының өсімі тек көлемдік көрсеткіштермен шектелмейді. Оның экономикадағы мультипликативті әсері де маңызды. Мәселен, құрылыс индустриясының дамуы басқа салалардың, атап айтқанда, құрылыс материалдары өндірісінің, логистиканың және қызмет көрсету секторларының да өсуіне ықпал етеді. 2023 жылғы көрсеткіштер осы саладағы белсенділіктің артуын және құрылыс жұмыстарының жүйелі түрде орындалуын дәлелдейді.

Алайда, құрылыс саласының қарқынды дамуы белгілі бір тәуекелдерді де туындатады. Біріншіден, құрылыс материалдарының импортына тәуелділік саладағы шығындарды арттырып, жобалардың өзіндік құнының көтерілуіне әсер етуі мүмкін. Екіншіден, құрылыс қызметтеріне сұраныстың артуы инфляциялық қысымды күшейтеді, бұл тұрғын үй нарығындағы бағаның өсуіне алып келеді. Үшіншіден, құрылыс саласының болжамдық көрсеткіштерден жоғарылауы оның тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді перспективасын қайта қарауды қажет етеді.

Құрылыс саласының қарқынды дамуын сақтау және оны тұрақтандыру үшін бірнеше шараларды жүзеге асыру қажет. Біріншіден, отандық құрылыс материалдары өндірісін дамыту арқылы импортқа тәуелділікті азайту маңызды. Екіншіден, құрылыс саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттырып, олардың нақты нәтижелерін тұрақты түрде талдау қажет. Үшіншіден, саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында болашақ болжамдарды қайта қарастырып, ұзақ мерзімді даму стратегияларын қалыптастыру қажет.

Жалпы алғанда, 2022-2023 жылдардағы құрылыс саласының даму қарқыны Қазақстан экономикасындағы оң өзгерістердің маңызды көрсеткіші болып табылады. Саладағы өсім қарқынының болжамдық көрсеткіштерден жоғары болуы мемлекеттің құрылыс секторына бағыттаған саясатының тиімділігін көрсетеді. Дегенмен, тұрақты даму үшін жүйелі реформалар мен тиімді басқару шараларын жалғастыру маңызды. 2023 жылы құрылыс саласы тұрақты өсімін жалғастырды. 2010-2022 жылдар аралығында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 2,5 есеге артты. 2023 жылы 17,5 млн м² тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 11,9%-ға көп, жоспарланған

көрсеткіштен 14%-ға жоғары. Бұл өсім тұрғын үй секторын дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту бағдарламасы және инвестициялық белсенділіктің артуымен тікелей байланысты.

Тұрғын үй құрылысы ең үлкен үлеске ие болды: 2023 жылы енгізілген тұрғын үйдің 65%-ы жеке тұрғын үй құрылысына тиесілі. Инфрақұрылымдық жобалар да белсенді түрде жүзеге асырылды. Мәселен, көлік және логистика нысандарына салынған инвестициялар өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға артты. Әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысы, соның ішінде мектептер мен ауруханалар саны да көбейді, бұл аймақтық дамуды қолдаудың нәтижесі болып табылады.

5-кесте - Тұрғын үй, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым бойынша салыстырмалы көрсеткіштер (2022-2023 жж.)

Көрсеткіш	2022 жыл	2023 жыл	Өзгеріс, %
Тұрғын үй құрылысының үлесі	62%	65%	+3%
Көлік және логистика нысандары	100 млрд тг	115 млрд тг	+15%
Әлеуметтік инфрақұрылым (мектеп, аурухана)	25 нысан	32 нысан	+28%
Ескертпе: [1] Автор деректері негізінде құрастырылған.			

Бұл көрсеткіштер мемлекеттік қаражаттың құрылыс саласындағы тиімділігін бағалауда маңызды рөл атқарады. Әсіресе, көлік инфрақұрылымына салынған инвестициялар елдің логистикалық әлеуетін арттыруға және аймақтар арасындағы байланыстарды жақсартуға бағытталған. Мұндай жобалар мемлекет қаржысын тиімді пайдалану тұрғысынан ерекше бақылауды талап етеді. 2023 жылы енгізілген тұрғын үйдің 65%-ы жеке тұрғын үй құрылысына тиесілі. Инфрақұрылымдық жобалар да белсенді түрде жүзеге асырылды. Мәселен, көлік және логистика нысандарына салынған инвестициялар өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға артты. Әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысы, соның ішінде мектептер мен ауруханалар саны да көбейді, бұл аймақтық дамуды қолдаудың нәтижесі болып табылады.

6-кесте - Нақты ЖІӨ және құрылыс саласындағы өзгерістер

Көрсеткіш	2022 жыл	2023 жыл	Өзгеріс, %
Нақты ЖІӨ өзгерісі	103,2%	105,1%	+1,9%
Құрылыс саласы	110,2%	113,3%	+3,1%
Ескертпе: [1] Автор деректері негізінде құрастырылған.			

2022 жылы құрылыс саласы 110,2%-ға өсіп, ел экономикасындағы құрылыс жұмыстарының айтарлықтай ұлғайғанын көрсетті. Ал 2023 жылы құрылыс саласының даму қарқыны 113,3%-ға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 3,1%-ға жоғарылады. Бұл көрсеткіш жалпы ішкі өнімнің нақты өзгерісінен (105,1%) жоғары, бұл құрылыс саласының ұлттық экономикадағы үлесі мен маңыздылығының артуын білдіреді.

Құрылыс саласына негізгі капиталға инвестициялар тұрақты өсім көрсетіп келеді. 2018-2023 жылдар аралығында қаржыландыру көлемі үздіксіз артты. Жеке және мемлекеттік қаржының жылдық динамикасы тұрақты өсуді көрсетеді. Мысалы, 2021 жылы құрылыс саласына салынған жеке инвестициялар 65% құраса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 68%-ға дейін өсті. Мемлекеттік қаржыландыру үлесі 2021 жылы 14%-ды, 2022 жылы 12%-ды құрады. Негізгі қаржыландыру көздеріне мыналар жатады:

7-кесте - Құрылысқа салынған инвестиция көздері (2023 ж.)

Инвестиция көзі	Үлес, %
Компаниялардың меншікті қаражаты	70%
Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражат	12%
Банктік несиелер	2%
Ескертпе: [1] Автор деректері негізінде құрастырылған.	

Қазақстан Президенті экономиканың нақты секторын несиелендіру көлемін жыл сайын 20%-ға ұлғайту міндетін қойды. Бұл құрылыс саласындағы инвестициялық белсенділікті қолдауға және жаңа нысандар салуды ынталандыруға бағытталған, әсіресе аймақтардағы құрылыс жұмыстарының көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Дегенмен, қаржыландыру құрылымында меншікті қаражаттың басым болуы құрылыс компанияларының инвестициялық жүктемені өз мойнына алатынын көрсетеді. Мемлекеттік қолдау және банктік несиелендірудің үлесі әлі де төмен, бұл саланың дамуы үшін қосымша резервтер бар екенін білдіреді.

Құрылыс саласындағы оң динамикаға қарамастан, бірқатар өңірлерде әлеуметтік маңызды нысандарды уақытында аяқтамау мәселесі туындауда. Әсіресе, Қарағанды, Қостанай және Жамбыл облыстарында медициналық амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пункттерді (ФАП) салуда кідірістер байқалды. Сонымен қатар, Алматы және Ақтөбе облыстарында мектеп және денсаулық сақтау нысандарының құрылысы ұзаққа созылды. Бұл кешігулердің негізгі себептеріне құрылыс материалдарының бағасының тұрақсыздығы, мердігерлердің міндеттемелерін кеш орындауы және әкімшілік рәсімдердің ұзақтығы жатады.

8-кесте - Құрылыс саласындағы негізгі мәселелер және олардың себептері

Мәселе	Негізгі себептер
Уақытында аяқталмау	Келісім-шарттарды кеш жасау, материалдар бағасының өсуі
Құрылыс сапасы	Кепілдік мерзімдерінің қысқаруы, білікті мамандардың жетіспеуі
Ескертпе: [1] Автор деректері негізінде құрастырылған.	

Бұл мәселелер құрылыс процесіне ішкі және сыртқы факторлардың кешенді әсерін көрсетеді. Жобаларды уақытылы аяқтау үшін ұйымдастырушылық шараларды күшейтіп, құрылыс материалдарын жеткізу тізбегін оңтайландыру қажет.

2023 жылы құрылыс саласында тұрғын үй құрылысының қарқындылығымен қатар коммерциялық және өндірістік инфрақұрылым жобалары дамыды. "Ауыл – Ел бесігі" бағдарламасы ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуда маңызды рөл атқарды.

9-кесте - Құрылыс саласындағы негізгі трендтер мен перспективалар (2023 ж.)

Тренд	Сипаттама
Құрылыс көлемінің өсуі	Тұрғын үй және коммерциялық құрылыс көлемінің ұлғаюы
Әлеуметтік инфрақұрылым	Мектептер, ауруханалар, спорттық нысандардың салынуы
Заманауи технологиялар енгізу	Энергия тиімді шешімдер мен құрылыс процестерін жаңғырту
Ескертпе: [1] Автор деректері негізінде құрастырылған.	

Бұл трендтер құрылыс саласының ұзақ мерзімді даму перспективаларын нығайтып, аймақтық инфрақұрылымды жақсартуға ықпал етеді.

2023 жылы Қазақстанның құрылыс саласы тұрақты өсімді көрсетті. Тұрғын үй құрылысының рекордтық көлемі, инвестициялардың өсуі және мемлекеттік қолдау саланың одан әрі дамуы үшін қолайлы жағдай жасады. Дегенмен, құрылыс мерзімдерін сақтау,

материалдық шығындардың өсуі және білікті мамандар тапшылығы сияқты мәселелер өзекті болып қала береді.

Құрылыс саласының болашақтағы табысы инвестициялық саясаттың тиімділігіне, жобаларды іске асыруды бақылауға және құрылыс процестерін модернизациялауға байланысты болады. Ағымдағы қарқын мен негізгі мәселелерді шешу арқылы Қазақстан құрылыс саласында жаңа деңгейге жете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы Дереккөз – 2023 жылғы Республикалық Бюджеттің Атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Есебіне Қорытынды <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/681592?lang=kk>
2. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңы. – 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ. (2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен бірге). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
3. ISSAI 3000: Performance Audit Standard. – International Standards of Supreme Audit Institutions, 2019. <https://www.issai.org/standards/issai-3000>
4. Подольский В.И., Савина Н.В. Аудит в строительстве. – М.: Academia, 2016. – 256 с.
5. Кисилевич Т.И., Хачемизова Е.Н. Налоговый аудит в строительстве. – М.: Финансы и статистика, 2018. – 208 с.
6. Горегляд В.П. Современный аудит: проблемы и перспективы // Деньги и кредит. – 2017. – № 2. – С. 6–12
7. Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Құрылыс статистикасы [Қазақстан Республикасында құрылыс жұмыстарының орындалуы және объектілерді пайдалануға беру туралы \(2025ж, қаңтар\)](#)
8. Wotschke, P., & Kindermann, G. (2023). *Construction Auditing: Planning - Implementation - Use*. Springer Fachmedien Wiesbaden.
9. Beisenova L.Z., Spatayeva S.B., Shakharova A.Y. Performance Audit of the Use of Budget Funds Aimed at the Development of the Agricultural Sector of Kazakhstan // Journal of advanced research in law and economics. – 2020. – Vol. 11, Issue 4(50). – R. 1102-1108.

ORGANIZATION OF THE STATE AUDIT OF THE REPUBLIC OF LITHUANIA AND THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Bekbolsynov A.

Student of the EP "State Audit"

Scientific supervisor

Doctor of Economic Sciences, Professor

Sembiyeva L.M.

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana,

Republic of Kazakhstan

E-mail: kareltut@gmail.com

Annotation. The paper considers the historical purpose of the state audit, its role in the life of society. The main regulatory legal acts of the Republic of Lithuania and the Republic of Kazakhstan in the field of state control (audit) have been studied. A comparative analysis of the types of audit, the content of basic conceptual terms, and the appointment of chief supervisors (auditors) to positions has been carried out.